

1. Мюллерсон Р.А. Права человека. — М.: Юрид. лит., 1991. — С. 127.
2. Фридман Л. Введение в американское право. — М.: Наука, 1993. — С. 101.
3. Хиль-Роблес А. Парламентский контроль за администрацией. — М.: Норма, 1997. — С. 22.
4. Лентовская Е. Как начиналась работа уполномоченного по гражданским правам. — М.: Наука, 1997. — С. 73.
5. Башимов М.С. Институт омбудсмана в странах СНГ и Балтии // Правовая реформа в Казахстане. — 2002. — № 4. — С. 15.
6. Башимов М.С. Институт омбудсмана в РК // Правовая реформа в Казахстане. — 2003. — № 2. — С. 33.

ӘОЖ 348.97

Н.К.Оралбаев

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ИСЛАМДАҒЫ НЕКЕ ТӘРТІПТЕРІ МЕН ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БІЗДІҢ ҚОҒАМДА АТҚАРЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

В статье рассматриваются вопросы понимания и практики заключения брака по мусульманскому обряду в нашем современном обществе и анализируется соответствие этих процедур условиям и порядку заключения брака по нормам исламского права, изложенным в священных аятах Корана и изречениях Пророка Мухаммеда, которые являются основными источниками мусульманского права.

In given article are considered questions of the understanding and practical persons of the conclusion of the marriage on moslem rite in our modern society and is analysed correspondence to of these procedures condition and order of the conclusion of the marriage on rate исламского right, stated in holy аятах of the Koran and dictums of the Prophet Muhammeda, which are a main source of the moslem right.

Қазақстан өз алдына дербестік алып, егеменді ел болғаннан бері талай онды өзгерістердің куәсі болып келе жатырмыз. Осы кезеңдерде еліміздің тұрғындарының басқа салалармен қоса рухани аумақтада көптеген ұмтылыстары байқалады. Мұның бір көрінісі ретінде көпшіліктің дін жолына назар аударып, біреулері оны өмір сүру жолы таңдап алу құбылыстарының кейінгі жылдары жиілеуін алуға болады. Бұл мәселе мемлекет тарапынан да назарға алынбай қалған жоқ. Қазіргі кезеңде жалпы бұқаралық ақпарат құралдарында дәстүрлі діндердің (ислам, христиан, иудаизм) ешқандай кедергісіз уағыздалып, халықты жат ағымдардан сақтандырып, олардан ажырату үшін дін ережелерінің тәптіштеп түсіндірілуі осының куәсі. Әрине, белгілі бір наным-сенімді қабылдағаннан кейін адамның онда бекітілген ережелермен өмір сүруге тырысуы заңды құбылыс. Мысалға, қазақ халқының басым бөлігі өзінің тіршілігіндегі маңызды оқиғаларды діни рәсімдермен байланыстырып өткізуге деген сұранысы қазіргі уақытта тіптен күшейіп отыр. Олар неке қию, той жасау, баланы сүндетке отырғызу, құрбандық шалу және т.б. оқиғаларды өз нанымдары бойынша құдай тарапынан қабыл болып, оның ризалығына ие болулары үшін діни тәртіпте дәлме-дәл істеуге тырысуда.

Енді біз осы жерде қарастырмақшы болып отырған шарият ережелеріне сәйкес неке қию рәсімдері елімізде дұрыс орындалып жатыр ма? Мемлекетіміз зайырлы болғандықтан, тек АХАЖ бөлімдерінде белгіленген тәртіпте тіркелген неке ғана заңды деп танылғанымен [1], мешіттерде, шіркеулерде, дармсалдар мен синагогаларда неке қию рәсімдерін қосымша өткізуге тыйым салынбайды. Бұл — әркімнің құқығы. Кейбір діндерде, мысалы, иудаизм мен мұсылмандықта көп әйел алушылыққа рұқсат берілген. Ислам төрт әйел алуға дейін рұқсат етеді. Ал еліміздің заңнамасы бойынша бірнекелік қағидасы бекітілген [1; 10]. Бірақ басқа әйелдермен діни рәсімдер негізінде бірге тұрып, бала өрбітуге қатысты тікелей тыйым жоқ. Тек бірінші әйелінен басқа әйелдері мемлекеттің алдында заңды ерлі-зайыптылар деп танылмайды, яки ажыраса қалса, заң екеуінің мүлкіктік құқықтарын қорғамайды. Екеуінің біреуі қайтыс болса, заң бойынша бір-бірінің мүлкіне мұрагерлік ете алмайды. Осы уақытта әйелер санының өсуіне және демографиялық жағдайды жақсарту

мақсатында көп әйел алушылықты рұқсат ету мәселелері де заңшығармашылық деңгейде көтеріліп жүргендігі жасырын емес. Бұл жайт туралы бұқаралық құралдарында айтылып та, жазылып та жүр.

Бізді қызықтыратын жағдай шарифат бойынша неке қию болашақ ерлі-зайыптыларға қандай талаптар қойып, қандай кепілдіктер беретіндігі. Аллаһтың жолымен және оған адамдардың сенімімен бекітілген неке қию ерлі-зайыптылардың адами құқықтарын қандай дәрежеде қамтамасыз ете алады, әсіресе әйел адамның құқықтары мен бостандығына нұқсан келтірмей, оны қорғай ала ма? Бұл үшін таза діни ережелерді білген жөн. Ал қазіргі жағдайда діни сауаттың төмендігіне байланысты халқымыз көбіне салттық және діни дәстүрлерді бір-бірінен ажыратпай, тұтас қабылдай береді. Мысалы, алып қашу, қуып бару, киіп кигізу, қалың мал алу, неке суын ішу сияқты қазақ салттары, ысыраптап немесе арақ-шараппен той жасау, колға жүзік тағу және т.б. жаңадан пайда болған салттар шарифатта қабылданбайды.

Неке қию ғана емес, басқа өмірлік мәселелерде де мұсылман шарифат ережелерімен жүруге тырысады. Ол үшін ол таза діни нормалар мен оған кейінгі уақыт ағымымен қосылып кеткен діни емес нәрселерді ажырата білуі керек. Осы жерде, мұсылмандық неке рәсімдерін қарастырмай тұрып, Ислам дінінің мұндай жаңалықтарға қалай қарайтындығына аздаған шолу жасап кетелік.

Әлемдегі соңғы дін — Ислам түсінігі бойынша құдіреті күшті Аллаһ Тағала адамзаттың көзі көретін және көрмейтін барлық нәрселердің, жақсылықтардың және жамандықтардың жаратушысы, ал Мұхаммед пайғамбар Аллаһтың құлы әрі соңғы елшісі. Қай жерде болмасын әрбір мұсылман адам ең жақсы сөз — Аллаһтың сөзі, ал адамдар үшін ең көркем үлгі, ең жақсы насихат Мұхаммед пайғамбардың үлгісі мен насихаты деп есептейді. Соңдықтан да шарифат бойынша олардың айтқанын бұлжытпай істеу өзін мұсылман санайтын әрбір тұлға үшін үлкен міндет. Діндегі ең жаман істердің қатарына дінге жаңалық енгізу жатады. Өйткені Құран Кәрім мен Сунна бойынша дінге жаңалық енгізудің зияны ашық көрсетіліп, тыйым салынған. Бұл жағдайға байланысты шарифаттың негізгі қайнар көздерінен көптеген дәлелдерді келтіруге болады.

Мысалы, 10-Юныс сүресінің 32-аятында былай делінген: «Міне осы Аллаһ, шынайы Раббыларың. Шындықтан кейін адасудан басқа не бар? Қалай бұрылып бара жатырсыңдар?» [2;212]. Шарифатта ешқандай ақтандақтар жоқ екенін көрсете отырып, Құранның 6-Әнғам сүресінің 38-аятында айтады: «... Біз (бұл) Кітапта ешнәрсені жіберіп алған жоқпыз...» [3] және 4-Ниса сүресінің 59-аятында айтады: «Әй, мүміндер! Аллаһқа бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар. Сонда егер бір нәрсеге талассандар, оны Аллаһқа, пайғамбарға ұсыныңдар: Егер сендер Аллаһқа, ахирет күніне иман келтірген болсаңдар. Міне осы, хайырлы да нәтижеде жақсы» [2; 87]. Тағы да Аллаһ Тағала 6-Әнғам сүресінің 153-аятында айтады: «Күдіксіз Менің тура жолым осы. Енді соған еріндер. Басқа жолдарға түспеңдер, сонда сендерді Аллаһтың жолынан айырады. Сендерге осыларды Аллаһ нұсқады. Сақтанарсыңдар» [2; 149]. Ал 3-Әли Ғымран сүресінің 31-аятында: «(Мұхаммед ғ.с.) оларға: «Егер Аллаһты сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Аллаһ сендерді жақсы көріп, күнәлеріңді жарылқайды. Өйткені Аллаһ аса жарылқаушы, ерекше мейірімді» де» [2;54], — деп ескертілген. Құран Кәрімнен мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бидғаттың (дінге жаңалық енгізу) дұрыс нәрсе емес екендігін хадистерден де көруге болады: «169. Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізілген сөзінде айтады: «Біздің ісімізге (Ислам дініне) оған қатысы жоқ нәрсені кіргізгеннің (ісі) қабылданбайды. (Әл-Бухари, Муслим)» [4], «... Сендер дінге жасалған жаңалықтардан сақтаныңдар, өйткені бидғаттың (дінге бөгде жаңалық) бәрі де — адасу». Хадисті Әбу Нәжихтен р.л.ғ. Имама термизи риуаят етті», «Сендердің міндеттерің дінге жат болған (яғни шарифатқа қайшы келетін) жаңа нәрселерден сақтану. Себебі әрбір дінге жат болған іс — бидғат (яғни күпірлік), ал бидғаттың барлығы — адасушылық» Хадисті Имам Ахмад риуаят етті [5].

Жоғарыда қарастырылып өткен дінге жаңалық енгізудің бір ұшы сол діннің өзін жөнді білмеуде жатыр. Мұсылманшылық неке қию барысында да дін ережелеріне сәйкес дұрыс емес деп есептелетін мәселелердің орын алуы да осы діни надандықта, білімсіздікте жатыр. Мәселен, мешітке неке қиғуға барғандардың спирт ішімдіктерін ішіп баруы, шарифат бойынша әурет деп саналатын дене мүшелерінің жабылмауы, болашақ күйеудің маһр, яғни әйелге берілетін сыйлық, туралы еш хабарының жоқтығы және т.б. нәрселер өзін мұсылман деп санайтындардың мұсылманшылық туралы білетіні аз екендігін көрсетеді. Енді негізгі мәселеміз — мұсылмандық неке қалай және қандай талаптармен қиылатындығын, одан әрі неке қатынастары қалай жүзеге асу керектігін таза Ислам дінінің ережелерімен қарастырып көрелік.

Ислам дінінде некелесу және ажырасу үрдістері оңай жүзеге асады. Тіптен олар ойнап істелсе де жүзеге асты деп есептелінеді. Өкінішке орай, қазіргі кезде көптеген мұсылмандар неке қиюдың

дұрыс болу талаптарын білмейді де, ері мен әйелі бір-бірінің шарифатпен бекітілген құқықтарын бұзып жатады немесе ажырасу сөздерін қалай болса солай айта береді.

Ислам діні бойынша Мұхаммед пайғамбардың үмметі басқа қауымдардың ішіндегі орташа позицияны ұстанатын қауым болып табылады. Мұндағы орташалық діни құлшылықтар мен дүние істеріндегі ұяндықты және шектен шықпаушылықты білдіреді. Қандай да болсын шектен шығу амалдар мен өмірге зиянын тигізеді. Ал Аллаһ Тағала нені рұқсат еткен болса онда пайда және берекет бар. Ал Аллаһ Тағала тыйым салғанды жасату бидғат және міндет етілмегенді міндеттейтін зұлымдық болып табылады. Құдайдың парыз еткен аз нәрсесін орындамау үлкен күнә болып немесе Ислам шеңберінен шығу болып есептеледі. Бірақ әйел мен ер адамның өзара қарым-қатынастары сұрақтарында адамдар екі түрлі шектен шығушылыққа барады. Біреулері неке қимастан біле тұра немесе өзінің дін ережелерінің хабары жоқ надандығымен зинақорлық жолға түссе, ал екіншілері Аллаһ өз сөзінде міндет қылмаған нәрселерді мойындарына жүктеп алып, өз-өздерін монахтық күйге түсіреді, яғни өмір бойы өзге жыныс адамына жоламауға ант ішеді. Ислам діні зинақорлықты да, монахтықты да танымайды. Ол бұлардың ортасын таниды, ал ол — ақ адал неке.

Пайғамбар Мұхаммед айтады: «Ей, үмметім, үйленіңіз, үй болыңыз. Өйткені некедегі бір күн бір жылдық нәфіл ғибадаттан қайырлы. Ей, үмметім, сіздерден біреуіңіз үйленгеніңізде шайтан серіктеріне былай бақырады: «Бұл адам діннің екі бөлегін менен сақтап қалды». Үйленсеңіз өзіңізге әкелік, қызға аналық құрметін бағыштаған боласыз». Көріп тұрғаныңыздай, тұрмыс құру — дініміздің негіздерінің бірі [6; 5].

Некенің өз талаптары бар. Мұхаммед пайғамбар айтқан: «Өкілдің (қамқоршының) келісімсіз неке жоқ», — деп. Пайғамбардың бұл хадисін имам Әбу Ханифа, имам аш-Шафии, имам Мәлік сияқты ірі оқымыстылар фикһта (мұсылмандық құқықтың теориясы) «ан-никах» (неке) түсінігінің негізін қалаушы хадистардың бірі деп есептеген. Өкілдің келісімі некенің заңды болу шарттарының шарты болып табылады. Мұсылман емес адам мұсылман әйелдің өкілі бола алмайды. Бірақ мұсылман ер адамдар иудей және христиан әйелдеріне үйлене алады. Құранда көрсетілген бұл неке барлық мазхабтар бойынша рұқсат деп танылады. Мұндай жағдайда әйел адам (иудей немесе христиан) өзіне өз дініндегі әкесін, аға-інісін немесе жақын туысы болған басқа ер адамды өкіл етіп, оның рұқсатымен мұсылманға тұрмысқа шыға алады. Ал егер де ол әйел мұсылманшылық қабылдаған болса және оның туыстарының ішінен оған өкіл болатын мұсылман табылмаса, онда мұсылмандардың билеушісі өкіл болады. Ал мұндай жағдай болмаса, мысалы, Ислам мемлекеттік дін деп танылмаған елдерде сол жердің мұсылмандарының басшысы (қади, жергілікті жердегі мешіт имамы, осындай сұрақты шешумен айналысатын ұйымдар, мекемелер басшысы және т.б.) әйелге өкіл бола алады. Бұл адам қыздың (әйелдің) уақытша өкілі ретінде танылып, оны тұрмысқа бере алады.

Қазіргі уақытта мешіттерге түрлі адамдар келіп некелерін шарифат бойынша қиюды сұрайды, бірақ олардың шарифат бойынша болуға тиісті өкілдері жоқ не олар бұлардың неке қидырайын деп жатқанынан хабарсыз болатын жағдайлары кездеседі. Мұндай жағдайда олардың некесі қиылмауға тиісті. Қиылғанның өзінде ол неке дұрыс емес болып саналады. Сондықтан да әйел адам тұрмыста бұрын болған немесе болмағанына қарамастан, өкілінің келісімінсіз тұрмысқа шыға алмайды. Өкіл келісімін телефон арқылы немесе мұсылмандардың куәлігімен жеткізу арқылы не өзі келіп беруіне рұқсат етіледі. Өкіл міндетті түрде ер адам болуы керек. Әйел адам өкіл бола алмайды. Сонымен қатар махрам болып табылмайтын ер адамдар әйелдің өкілі бола алмайды. Махрам деп араларында неке тыйым салынған адамдарды айтады. Мұндай адамдарға туған әкесі, атасы, туған ағасы, туған інісі, сүт бауыры, олар болмаса, ол теория жүзінде тұрмысқа шығуға болмайтын туысы жатады. Мысалы, әкесінің туған бауырлары.

Хадистерге сәйкес «некедегі әйелдің төрт қасиетіне мән беріледі: байлығына, ата-тегіне, сұлулығына және діндарлығына. Сен діндар болғанды таңда, ей, береке тапқыр» [6; 7] делінеді. «Жақсы, тәртіпті және көркем бір ортада өскен қыздарға үйленіңдер. Өйткені руы, ата-тегі және қаны өте алдаушы» [6; 7]. Кейбіреулердің ойынша, неке барлық жағынан тең болса құба-құп. Мысалы, үйленушілердің жас шамасының, бойларының ұзындығының арақашықтығы, отбасы, шыққан орталарының, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларының ұқсас болуы.

Некенің қабыл болуының тағы бір шарты, ол — әйелдің келісімі. Бұрын тұрмысқа шықпаған қыздың некеге келісімі сұралған кезде ол үндемей қалса, оның үндемеуі келісім ретінде қабылданады. Неке екіжақты келісімсіз жасалмайды. Ұл алғысы келмесе некеге жол жоқ. Сонымен қатар неке заңды деп танылуы үшін екі куәнің болуы талап етіледі. Екі куә міндетті түрде мұсылман ер адамдар болуы тиіс. Некені қиюшы адам куә ретінде есептелмейді, одан тыс тағы екі мұсылман ер адамдар куәлік беруі керек.

Исламға дейін әр түрлі некелер болған. Солардың біріне құпия неке қиғызуды жатады. Ал Исламда некені құпия қиғызуды харам, яғни тыйым салынған, іс-әрекетке жатады және бұл тұрмысқа шығып жатқан әйел адамға қатысты зұлымдық болып есептеледі. Өйткені бұл жағдайда әйел адамның құқықтары бұзылып жатыр. Ал екі куәнің болуы қиылған некенің жариялылығын қамтамасыз етеді.

Маһр — некенің адал болуының талаптарының бірі. Маһр тек әйелге тиесілі болатын, оны оған күйеу жақ сыйлайтын сыйлық болып табылады. Маһрдың көлемі аз немесе көп болуы мүмкін, бұл тараптардың келісіміне байланысты. Негізінде шарият бойынша маһрдың аз сұралуы құпталыды. Маһрға сұралған заттың қымбат болмауы жас жігіттердің көбірек үйленуіне септігін тигізеді, ал үйлену өз кезегінде адамдарды зинақорлық жолға түспеуіне әсер етеді. Хадистерге сәйкес маһр көлемін аз талап еткен әйелдерде берекет, игілік көп деп сендіріледі. Егер де маһр алдын ала келісілмесе, сол жердегі әдет бойынша қалыптасқан ең минималды маһр көлемін алуға әйелдің толық құқығы бар. Өзара келісімге сәйкес маһрды некені қию сәтінде немесе одан кейін де төлеуге болады.

Некедегі күйеуінің әйеліне қатысты міндеттер мынадай: әйелін киіндіру, тамақтандыру және баспанамен қамтамасыз ету. Елімізде қазіргі кезде бұл міндеттер не орындалмайды немесе дұрыс емес түрде орындалып жатуы кездеседі. Мысалы, адам үйленбекші болады, бірақ шын мәнінде оның болашақ отбасын қамтамасыз ететін жағдайы жоқ. Шариятқа сәйкес адамның байлығы болса, үйленуі дұрыс деп есептеледі, ал егер жағдайы бола тұра үйлене алмаса, ораза ұстауы құпталыды. Бұл жерде оразаны ұстау ер адамның шаһуатын басу үшін делінеді.

Ер адам болашақ отбасын асырайтын жағдайы болмай тұрып неке қидырса және одан әрі отбасы үшін тер төгіп, мал табуға, әйелін асырауға күш жұмсамаса ол, біріншіден, Аллаһқа қатысты, екіншіден, өзі әйелдікке алған басқа тұлғаға қатысты құқықтарды бұзған болып табылады. Өйткені үйлену — бұл діннің жарты ісі, Мұхаммед пайғамбардың сүннеті деп есептеледі. Ал әйелдің құқына қатысты оны асырап, қамтамасыз ете алмағандықтан, оған қатысты зұлымдық жасады деп есептеледі. Исламда адам құқықтарын бұзу ауыр күнәға жатады. Мұндай істердің күнәсін жуу үшін Аллаһтан кешірім сұрау жеткіліксіз, алдымен кімге қатысты зұлымдық істелсе, сол адамнан кешірім алынуы тиіс. Әйел адамның психологиялық және физикалық күйі әлсіз, оңай ренжиді. Осыған байланысты хадистерден егер әйел адам ерінен қанша жақсылық көріп, одан кейін бір ғана жамандық көріп қалса, «мен сенен ешбір жақсылық көрмедім» деп тұрмысына қарсы шыға келетін әлсіздігі туралы риуаят етіледі. Мұндай нәрселер жиілей берсе, ақыр аяғында ажырасуға алып келуі мүмкін. Сосын ол әйелдерде жалпы Ислам туралы және барлық мұсылмандарға қатысты дұрыс емес, жаман ойлар қалыптасуы мүмкін. Әрине, басқалардың кесірінен болса да, мұндай ойларға бару әйел адамды ешқандай ақтай алмайды.

Неке қиюшы имамды алдап неке қиғызуды болмайды. Бұл жерде куә болғандар жалған куәлік беру атты үлкен күнәні мойындарына алады. Егер осындай оқиға орын алып, некелесушілер қандай да бір себептермен өтірік айтып некелерін қиғзып алса, құдайдың алдында неке қиюшы адам жауапты болмайды. Ол адамдар тек өз-өздерін алдады деп есептеледі.

Неке — бұл Аллаһ Тағаланың алдында жасалған келісім-шарт. Өйткені некеге алынатын әйелдер мен ер адамдар бір-біріне тек Аллаһтың аяттары арқылы адал болады. Ал мұсылман адам бұл заңдарды білмесе және оны орындамаса қалайша дұрыс неке болмақ. Мысалы, кейбіреулер уақытша неке құру ниетінде неке қидыруы мүмкін. Бұл, әрине, дұрыс емес. Егер адам өз қатесін түсініп ниетінен қайтса, алдындағы некесі басқа талаптардың барлығына сай болған жағдайда, ол тәубе етіп, некесін жалғастырады. Уақытша неке шииттерде танылған, бірақ сунниттік Ислам мұны құптамайды және оған толығымен қарсы шығады.

Исламның некеге байланысты тағы бір талабы мұсылман емес ер адамның мұсылман әйелді алуына жол берілмейді. Егер ері мұсылманшылықтан шығып кеткен болса, онда оның ол әйелмен тұруына шарият рұқсат бермейді.

Жесір қалған әйелдің басқа біреуге тұрмысқа шығуын Ислам құптайды. Егер ол күйеуі қайтыс болған кезде одан аяғы ауыр болған болса, босанғанға дейін күтеді. Ал аяғы ауыр болмаса, оған төрт ай он күн күтуі керек. Ал ажырасқан әйел басқаға тұрмысқа шығу үшін үш етеккірі мезгілін тосады. Бұл күту мерзімі «идда» делінеді. Иддадағы әйелдің тұрмысқа шығуы мүмкін емес [7].

Ендігі жерде жоғарғы нәрселерден ой түйе отырып, некенің барлық жақтарын жүйелеп қарастыралық.

Неке сунна амалынан болғандықтан, оны мұсылман адамның танымауы дұрыс емес. Некелесетін адамды көшеден іздеп, кездейсоқ танысуға болмайды. Бұған арнайы таныстыру рәсімі бар. Онда әйел адам ер адаммен танысу үшін өзіне махрам болған адаммен келуі керек. Әйел адам да ер адам сияқты өзінің неке құрғысы келетіндігін ашық жариялай алады. Мұның ешқандай айыбы жоқ. Некелеспей

тұрып олар бір-бірінің жүздерін көріп, ұнатқан болулары керек. Сонымен қатар бір-бірі туралы сырттай білетін адамдардан сұрастырып мәлімет жинауға рұқсат. Бұл кезде білетін адамдар олардың кемшіліктерін жасырмай, жақсылықтарын асырмай шындықты айтуы керек. Көптеген басқа жағдайларда басқа мұсылманның сырын ашу, жамандығын әшкерелеу үлкен күнәға жатады. Сондықтан да әлгі адамның кемшіліктерін неке қию мақсатында айтқан және одан біліп алған адамдар басқа жерде жайып, ғайбат жасауларына болмайды. Екі жақ келісіп жатса, әке-шешелерінің келісімі мен батасын алулары міндет.

Некенің төмендегідей талаптары бар:

1. Келін бала күйеу бала үшін харам болмауы, яғни тыйым салынбаған болуы, керек.
2. Неке құруға деген өзара келісім болуы міндетті.
3. Келін бала мен күйеу баланың аты-жөндері тура көрсетілуі керек. Исламда зайыбының аты-жөніне көшуге рұқсат етілмейді.
4. Неке қиған сәтте екі ер мұсылман адамның куә болуы керек. Әбу Ханифа мазхабы бойынша бұған мүмкіндік болмаса, онда бір ер, екі әйел мұсылман адамдардың куәгер болуы рұқсат етіледі.
5. Ер адам мен әйел адамдар өздерінің үйленейін деп жатқан адамдарына қатысты жыныстық міндеттерін атқара алатын болуы тиіс.

Үйленуге тыйым салынған әйелдердің екі санаты бар:

1. Қандас туысқандар:

- а) қыздары, немере қыздары;
 - ә) туған апа-қарындасы;
 - б) әкесінің туған апа-қарындастары, шешесінің апа-сіңлілері;
 - в) туған аға-інісінің, апа-қарындасының қыздары;
 - г) анасы, әжесі.
2. «Мусахара», яғни әйеліне үйленгеннен кейін туысқан болатындар:
- а) әйелінің анасы мен әжесі;
 - ә) әйелінің бұрынғы некеден туған қызы немесе немере қыздары;
 - б) әйелінің ұлының әйелі, ұлының әйелі, немере ұлының әйелі;
 - в) әкесінің әйелі (өгей шешесі).

Ханифи мазхабы бойынша, егер ер адам өзі некеден тұрмаған әйелмен зина жасаса, сүйіссе немесе оның жыныс мүшелеріне шаһуатпен қараса, онда ол оның әйелі сияқты есептеліп, оған қатысты жоғарғы талаптар бойынша әлгі әйелдің туыстарына үйлену тыйым салынады. Бірақ басқа оқымыстылар ішінде хадистерге сүйене отырып, Әбу Ханифидың бұл жауабымен келіспейтіндері бар.

Ер адам сонымен қатар өзін екі жасына дейінгі уақыт аралығында (кейбір мазхабтар бойынша, бала кезінде аш болғанда) емізген сүт анасы мен оның әйел туыстарына үйленуге хақысы жоқ. Оларға мыналар жатады:

- а) сүт анасы;
- ә) сүт анасының шешесі;
- б) сүт анасының күйеуінің шешесі;
- в) сүт анасының апа-сіңлілері;
- г) сүт анасының күйеуінің апа-сіңлілері;
- ғ) сүт анасының қыздары;
- д) сүт анасының немере қыздары.

Мына әйелдерге уақытша үйленуге болмайды:

1. Зина жасаған әйелге тәубесіне келгенше.
2. Тәубесіне келгенше көпкүдайшылдар мен атесттерге.
3. Бір әке-шешеден туған апалы-сіңлілерге бір уақытта үйлену.
4. Үш рет ажырасқан әйел басқа күйеуге шығып одан ажырағанша немесе күйеуі қайтыс болмайынша бұрынғы күйеуіне шыға алмайды.
5. «Ихрам» күйіндегі әйелге.

Тұрмыста бола тұрып зина жасаған әйел күйеуіне харам болып табылады. Бір уақытта төрттен артық әйелге үйленуге болмайды.

Некеге тұру үшін неке формуласы араб тілінде оқылуы керек. Егер жергілікті жерде арабша білетіндер болмаса, өз тілінде оқуға рұқсат етіледі. Неке дұғасының қысқаша мағынасы мынадай: «Бізді тура жолға салған Аллаһқа мадақ. Оның насихатынсыз біз тура жолға түспес едік. Өздеріңнен жұбайлар берген, және әйелдеріңнен балалар мен немерелер берген және игіліктерге бөлеген Аллаһқа

мадақ. О, Аллах! Оларды сүйіспеншілікпен және жақсы сөздермен қос. Аллах сені және сенің істеріңді игілікке бөлесін. Сендерді тек жақсылықта қоссын. Және Аллаһтан Мұхаммедке, Аллаһтың жаратылыстарының ең жақсысына салауат тілейміз. Және оның отбасы мен сахабаларына. Және оның жолына түсіп, Қияметке дейін оның жолымен жүруді жалғастырғандарға».

Пайғамбардың хадистерінен шыға отырып, мына сөздерді айтып некелескендерді құттықтау суннадан: «Аллаһ саған береке берсін және саған береке жаудырсын әрі араларыңды жақсылықта қоссын (бастарың жақсылықта қосылсын) [8]. Неке қиған соң шамасы келгенше той жасау дұрыс. Бірақ тойды арақпен өткізуге және тойда ер мен әйелдердің бірге отыруына тыйым салынады. Некені мешітте қиып, жұртқа жария ету дұрыс болады және тойда даңғыра қағуға рұқсат етіледі. Шариғат бойынша басқа аспаптардың әуені тыйым салынған нәрселердің қатарына кіреді. Даңғыраның әуенімен қыз балаларға өлең айтуға тыйым салынбайды, бірақ өлеңдер дарақы немесе жамандыққа шақыратын болмауы керек, керісінше, жақсы насихаттарға толы болса құпталады.

Ерлі-зайыптылардың бір-біріне қатысты міндеттері мен құқықтары үш санатқа бөлінеді:

1. Ерлі-зайыптының біреуі қаласа, екіншісі онымен жақындасуға міндетті.

2. Егер екеуінің біреуі қайтыс болса, оның мұрагері болып, мүлігінің белгілі бір пайызын иемдене алады.

3. Балаға әкесінің атын беру керек.

4. Бірін-бірі құрметтеуі тиіс.

5. Неке қиғаннан кейін ерлі-зайыптылардың туыстары бір-біріне неке киюге харам болады. Әйелге күйеуінің мына туыстарына тұрмысқа шығуына болмайды: әкесі, атасы, әйелдің туғаны болмаған күйеуінің туған ұлы (өгей ұл) және немерелері.

Неке қиған уақыттағы маһрдың екі түрін көрсете кеткен жөн болар. Бұл заттық күйдегі маһр, яғни ақша немесе басқа заттай құндылықтар, және екіншісі — заттық емес маһр, яғни білім беру, Құран үйрету, хадистер үйрету және т.б. Маһр қалыңмал емес. Жоғарыда айтқанымыздай, қалыңмал деген шариғатта жоқ. Маһр тек әйелге тиесілі, ол қалыңмал сияқты әйелдің туған-туысқандарына берілмейді. Құранның 4-Ниса сүресінің 4-аятына сәйкес: «Әйелдеріңнің маһрын ықыласпен беріңдер. Сонда егер әйелдер өз көңілдерінше маһрдан бір нәрсе кеңшілік етсе, онда оны жеңдер, сіңімді, жүрімді болсын») [2; 77]. Маһрды әйелдің рұқсатынсыз пайдалануға болмайды. Маһрдың соңғы мөлшері бекітілмеген, бірақ қанша аз болса, соншалықты жақсы болады. Пайғамбардың әйелі Айшаның жеткізуінше, Мұхаммед мына мағынадағы сөздерді айтқан: «Күйеу бала мен келін балаға олардың той шығындары аз болғаны жақсы. Шығын қанша аз болса, берекет сонша көп болады». Сонымен қатар «Жақсы әйелдің белгілері: аз маһр, қарапайым өткізген той, жақсы қылық (тәрбие). Жаман әйелдің белгілері: көп маһр, күрделі той, жаман қылық (тәрбие)». Маһрды бірден берген дұрыс, ал келісім болса кешіктіріп немесе бөлшектеп төлеуге болады. Күйеуі әйеліне кірмей тұрып ажырасатын болса, маһрды бермей-ақ қоюға болады. Пайғамбардың әйелі Умм Салаяма мына мағынадағы хадисті жеткізеді: «Кез келген (мұсылман) әйел өлсе, ал күйеуі оның әрекетіне разы болған болса, онда ол жәннатқа кіреді».

Күйеуінің әйеліне қатысты мынадай негізгі құқықтары бар:

а) күйеуі шақырған кезде баруы керек, тіптен ол кір-қожалақ күйде болса да жақындасуы міндет, әрине, егер оның хайз, нифас мерзімдері немесе кедергі келтіретін елеулі аурулары болмаса;

ә) парыз болған оразаларды қоспағанда, күйеуінің рұқсатынсыз ораза ұстауына болмайды, керісінше жағдайда, ол күнә жасаған деп есептеледі, оразасын Аллах қабыл етпейді;

б) күйеуінің рұқсатынсыз оның мүлкін біреуге беруіне болмайды, олай істесе ол күнәға қалып, күйеуі сауапқа қалады;

в) күйеуінің рұқсатынсыз сыртқа шықпауы керек, әйтпесе Аллах пен періштелердің қарғысына ұшырайды, тіптен күйеуі бұл жерде әділетсіз болса да. Ол үйіне келіп, тәубә етуі керек;

г) күйеуі ұнатпайтындарды үйге кіргізбегені жөн;

ғ) күйеуіне ұнамайтын қылықтарды істемей, керісінше, оның көзінше сәнденіп, жайдары жүруге тырысуы қажет;

д) күйеуінің тілін алуы керек, егер оның бұйрықтарында шариғатқа қарсы нәрселер болмаса.

Күйеуі әйеліне жақсы мінез көрсетуі керек. Егер әйелі жаман қылықтар істесе, онымен жақындаспай немесе ауыртпай ұруына рұқсат етіледі. Ал тындайтын әйел болса, оны сөгіп, ұрып-соғудың қажеті жоқ. Жалпы ер адамның қандай құқықтары болса, әйелдің де соған ұқсайтын құқықтары бар. Ал міндеттері әр түрлі болғанымен, олар ер мен әйелдің өз табиғаттарына сай болғандықтан, ер адам мен әйел адамның бірін-бірі отбасында толықтырып, «екі жарты — бір бүтін» болуларына септігін тигізеді. Айша анамыз Мұхаммед пайғамбардан: «Әйел кімді тыңдауы керек?»

— деп сұрағанда, «Күйеуін», — деген жауап алыпты, «Ал ер адам кімді тыңдауы керек?», — дегенде, «Анасын», — деген жауап алған екен. Айналып келгенде, мұсылман құқығы, яғни шарифат бойынша, неке құру ер адамның да, әйел адамның да құқықтарын аяқ-асты етпейтіндігіне, керісінше, толыққанды қамтамасыз ететіндігіне көзіміз жетеді. Ал оның ережелері мен қағидаларын зерттеу және түсініп-қабылдау — әркімнің жеке басының ісі.

Әдебиеттер тізімі

1. О браке и семье: Закон Республики Казахстан. — Алматы: ЮРИСТ, 2000. — С. 67.
2. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі // Ауд.: Халифа Алтай. — Медина: «Шарапатты екі харамның қызметкері Фаһд патшаның Құран Шәриф басым комбинаты», 1991. — 604 б.
3. Смысловой перевод Священного Корана / Эльмир Рафаэль оглы Кулиев. — Алматы: ЧБФ «Әлбаракат», 2006. — С. 132.
4. Сады праведных. Из слов господина Посланника / Сост.: Имам Мухйи-д-дин Абу Закарийа бин Шариф ан-Навави (631–676 гг.х/ 1233–1277 гг. н.э.). / Пер., прим. и указ.: Владимир (Абдулла) Михайлович Нирша. — М.: Издат. Дом «БАДР», 2001. — С. 108–109.
5. Хадистер // Абдуссамад Махат. — Алматы: Өнер, 2001. — 27–29-б.
6. Дадаұлы А. Мұсылманның әйелі алдындағы міндеттері. — Алматы: Шапағат-Нұр, 2002. — 56 б.
7. Мансур А., Халмұрадұлы А.М., Дадаұлы А. Мұсылман әйелдің ері алдындағы міндеттері. — Алматы: Шапағат-Нұр, 2002. — 48-б.
8. Мұсылман қорғаны / Жинақтап құраст. Сәид әл-Қахтани. / Ауд.: А.Қасымов, К.Бердәлі. — Алматы: «Дәуір» ЖШС РІПБК, 2004. — 174-б.

ӨОЖ 343.542

Ж.Б.Уәлиева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ТҰРМЫС АЯСЫНДАҒЫ АБАЙСЫЗ ҚЫЛЫСТАР МАҢЫЗДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚЫЛЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

В статье рассматривается группа бытовых преступлений, совершаемых по неосторожности, как самостоятельная криминологическая структура. Автором дается их определение, предлагается классификация, проводится отграничение данных посягательств от других неосторожных преступлений.

In article author considers the group of the home crimes made on indiscretion, as separate independent crimes structure. It is conducted analysis and comparisons of some questions to responsibility for data encroachment with other unwary crimes and compares the questions of responsibility for careless crimes with intentional ones.

Абайсыз кінә нысанымен жасалатын қылмыстарды зерттеу құқықтық ғылымның дара, ауқымды бөлігін құрайды. Соңғы өркениетті дамыған жылдары аталған қылмыстарды алдын алудың әлеуметтік мәні артуда. Оларды болдырмау — маңызды әлеуметтік-экономикалық міндеттердің бірі. Қылмыстық абайсыздықтың аса қауіптілігіне, өсу қарқынына көңіл бөле отыра, қазіргі криминологтар мен социологтар абайсыз әрекеттердің басымшылық мүмкіндігін болжайды, өйткені қасақана қылмыстардың азаюын көздейтін факторлар табиғатының түрлілігінен абайсыз қылмыстар үшін тиімсіз болуы ықтимал.

Абайсыз қылмыстардың салдарынан туындайтын моралдық-саяси зардап қасақана қылмыстардың криминогендік роліне ие болуы мүмкін, себебі қылмыстық ұқыпсыздық, мемлекеттік және қоғамдық мүлікке деген салғырттық миллиондаған залалмен өрнектелетін, мүлікті талан-тараждауға әкеп соғады. Қазіргі қол жеткізілген білім деңгейін ескерсек, абайсыз қылмыстарды алдын алу мәселелерін кешенді зерттеудегі шешуші ролді әлеуметтену, психология, қылмыстық құқық, криминология және басқа өзара байланысты ғылымдар иеленеді.